

Одними из приоритетных направлений в работе банка является кредитование корпоративных клиентов. Сегодня растет интерес кредитования, направленный на развитие производства. Большинство кредитов выдается на приобретение нового оборудования, строительство объектов промышленности и инфраструктуры.

Необходимо вводить систему жесткого мониторинга состояния ссудной задолженности и финансового положения заемщика, что позволит своевременно обнаружить проблемные кредиты и незамедлительно принять необходимые меры.

Конечная цель кредитной политики любого банка — формирование оптимального кредитного портфеля.

#### Литература

1. Костерина, Т. М. Банковское дело: учебник — 3-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2018. — 332 с.
2. Принципы кредитной политики. Меморандум АО ДБ «Альфа-Банк».
3. Годовые отчеты АО ДБ «Альфа-Банк» за 2016-2018 гг.

**Алтай А.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, 2 курс магистранты  
(*Ғылыми жетекші – з.ғ.к., доцент Божқараұлы А.*)

### ҰЛТТЫҚ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТАРМЕН СӘЙКЕСТІГІ

Әр түрлі құқықтық саяси тұжырымдамаларда негізгі бағытты мемлекетте тұрақты құқықтық жүйемен заңдылық режимін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қолданыстағы Конституция шеңберінде ұлттық құқықтың үдемелі дамуын қамтамасыз ететін жүйелі шаралардың маңыздылығы атап өтіледі. Демократиялы және егеменді зайырлы ел ретінде айқындаған мемлекетіміз Конституциясында бекітілген басты принцип ретінде айқындап, азаматтың мемлекет істерін басқаруға бағытталған субъективті құқығын іске асыру арқылы өзінің нақты көрінісін табады.

Қазіргі таңда, азаматтардың конституциялық сайлау құқықтарын қамтамасыз ету міндеті Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасын дамытудағы негізгі жол болып табылады. Қазақстанда сайлауды ұйымдастыру мен өткізу саласында жақсы нормативтік база құрылды. Отандық жүйе қазақ халқының дәстүрлерін ескере отырып, сондай-ақ Халықаралық сайлау стандарттары мен азаматтардың сайлау құқықтарының кепілдіктеріне қойылатын талаптар қағидаттарында әлемдік электоралдық тәжірибені ескере отырып құрылады.

Сайлау-азаматтық қоғамның аса маңызды институты, қазіргі заманғы жағдайларда азамат еркінің көрінісі қызметін атқаратын халық билігін тікелей іске асыру нысаны. Қазіргі заманғы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамға ұмтылатын, тәуелсіз және өзін демократиялы мемлекет деп санайтын мемлекеттің айырылмас маңызды институты болып саналады.

Қазақ халқында сайлау институтының белгілерін қазақ хандығының пайда болғалы бері пайдаланылып қолданылып жатқанын көруімізге болады. Бұл қазақ хандарының қолдарында шорғырланған жоғарғы билікке қазақтардың ақсүйектер жиналысында тек шыңғыс хан династиясынан шыққан төре ұрпағы болып келетін тұлғалар арасында сайлау жүргізу арқылы таңдалып отырғанын байқауымызға болады. Тәуке хан тұсында мемлекет басқару жүйесінде Қазақ хандығының сыртқы және ішкі саясатында ерекше рөлді атқаратын - Билер Кеңесі құрған. Өзінің мемлекеттік мәртебесіне сәйкес Билер Кеңесі көшпелі өмір салтын ұстанатын қазақ халқының жоғары өкілді орган болып табылды. Билікте жоғары құзырлыққа ие болған Билер Кеңесі үздіксіз қызмет атқаратын және шешімдері заңға теңестірілетін бұл орган, халықпен сайланатын болған. Ал нақтылай келетін болсақ, Билер Кеңесінің құрамы ақсақалдардың, батырлар, әйгілі шешендер мен халықтың өзгеде бетке ұстар азаматтарының жиналысында сайланылатын. Бұл тұста тұтастай халықпен сайлау үрдісі өзіндік сипатта көрінетінін байқауға болады, ол мемлекеттің тағдырында қандайда шешім қабылдамастан бұрын бұл ақсақалдар жиналысында терең зерттеліп қарастырылып, таразыланады. Қазақ халқында көпті көрген ақсақалдардың өздерінің даналығымен шешім қабылдауы халықтың оларға деген шексіз сенімі арқылы ел атынан дауыс беру құқықығына бөледі. Сол секілді мемлекет қамын ойлайтын, әр затты таразылай біліп салмақты шешім қабылдай алатын бетке ұстар азаматтары мен батыр, шешендері бұл жиналыстарда ел атынан өз үлестерін қосып отырған.

Қазақ хандығының Ресей империясына қосылғаннан кейін бірден бір алғаш қабылданған заңдардың бірі 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» болатын. Бұл құжатта қазақ жерінде орнаған жаңа әкімшілік-территориялық жүйесі мен жергілікті атқарушы органдарының құрылуының негізгі қағидалары көрініс тапқан.

Бұл жарлықта сонымен қатар, сайлауды жүзеге асыру уақыты мен орны көрсетілген. Жарлыққа сәкес ауыл старшиналармен, округтерді – аға сұлтандармен басқарылып, ал ауыл мен болыстарда болатын сот талқылаулар құрметті билермен жүзеге асырылып отырылды. Ауыл старшиндары үш жыл мерзімге сайланып округтық бұйрық негізінде бекітіліп отырылды, әр округта екі орыс заседателінен және құрметті қазақтардан тұратын тұлғалар округтық бұйрық беретін органның құрамында болды. Бұл органның құрамында қазақ халқының атынан шығатын құрметті қазақтарды да сайланбалы орын болып, оған тек билер мен старшиналардың таңдауы бойынша екі жыл мерзіміне сайланылатын. Бір рет сайланған ауыл старшиналары бірнеше рет сайлана алу құқығына ие болған, ал сайлаудың өзі ауылда ауызша көпшіліктің таңдауымен жүзеге асырылатын.

Болыстарды басқару құқығы сұлтандарға тиесілі болатын, бұл атақ және басқару құқығы мұрагерлік жолмен атадан балаға немесе туысқандық жолымен берілетін. Бірақ бұл жағдайдың өзінде де халықтың келісіміне ие болу керек еді, себебі жергілікті халықтың салтқа сәйкес өзге сұлтанды сайлау құқығына ие болды. Ал аға сұлтан сұлтандардың өздерімен үш жыл мерзімге сайланылатын.

Ал билердің сайлау тәртібі келесідей жолмен жүзеге асқанын байқауымызға болады: « Би болып тек қырғыздардың (қазақтардың) адамгершілігі бол, 25 жасқа толған, халықтың арасында адалдылығымен және ұлттық заңдар мен дәстүрлерді жетік меңгерген, сот пен тергеудің астында болмаған тұлға ғана сайлану құқығына ие болған». Билер халықтың таңдауымен 3 жыл мерзімге болыстың басқарушыларымен бір мезгілде сайланып Дала өлкесінің генерал губернаторымен бекітілетін.

Ресей империясының үкіметі бекіткен келесі ережелердің ішінде сайлау тәртібі егжей-тегжейлі ашылып толықтыруларға ұшырады. Сайлау болыстарда аға сұлтан мен учасковый заседательдің қатысуымен жүргізілді. Сайлау кезінде сайлау құқығы бостандығына ықпал ету жолжарын алдын алу мақсатында сайлау құқығына ие азаматтардың тізіміне сәйкес дауыс беру шарлар ұсынылып қадағаланып отырылды. Сайлауға және сайлануға құқығы қызметтерінен қылмас жасаған үшін қуылған, сотталған немесе күдікті ретінде ұсталған тұлғалар ие бола алмады.

Сайлауға қатысуға 25 жасқа толмаған жастар, әйелдер, әскер қызметкерлері, оқушылар жіберілмеді. Жалпы алғанда мүліктік цензге келетін болсақ, халықтың ауқатты топтарының өкілдерін нығайтуға шақырған. Заңды қабылдау кезінде көшпелі халықты сайлауға жібермеу туралы қарастырылғанымен, соңында олардың қатысуы заң жүзінде бекітіліп арнайы ережелермен қадағаланылып отырылды.

20 ғасырдың басында Ресей империясының мемлекеттік құрылысында едәуір өзгерістерге ие болды. Оның себепшісі, 1905-1907 жылдар аралығында өткен революциялық оқиғалар самодержавияны саяси шегінуге әжбүр етті. Солардың салдарынан алғашқы рет Ресей тарихында жалпымемлекеттік басқару органы – Мемлекеттік Дума құрылды. Халық саяси құқыққа ие болып, көп партиялы жүйені қалыптастыру шынайылыққа айналды. Осының барлығы сайлау жүйесінің өзгеруіне де алып келіп: сайлау жүйесінің заңнамасы қалыптасты, бұл заңнама арқылы Мемлекеттік Думамен Мемлекеттік Кеңесті қалыптастыру тәртібі анықтады. 17 қазан 1905 жылы Николай II «об усовершенствовании государственного порядка» манифесті шығарылды, бұл манифестіде ресей азаматтарының саяси құқықтары мен бостандықтары жария етілді.

Манифестіден кейін Мемлекеттік Думаның қызметінің құқықтық негізі болатын жаңа заңнамалық актілер: «Об изменении положения о выборах в Государственную Думу» (1905 жылы 11 қазан «Мемлекеттік Думаны сайлау туралы ережеге өзгерістер» туралы Қаулы, «Мемлекеттік Кеңесті құрудағы өзгерістер» туралы манифест және «Мемлекеттік Кеңесті құру», «Мемлекеттік Думаны құру» туралы қаулы 1906 жылы 20 ақпанда жарияланды.

1905 жылы 11 желтоқсанда қаулымен бекітілген сайлау жүйесі ресей тарихында 1917 жылға дейін ең озық ретінде саналғанымен ол шектелген болатын. Бұл кездегі сайлау құқығында жалпылық және теңдік қағидалары жоқ болатын. Сайлаудың өзі жанама және көп сатылы болып, таптық және ценздік сипаттарға ие болған. Заңмен жоғарғы жастық ценз орнатылып: сайлауға тек 25 жасқа толған ер азаматтар ғана жіберілетін. Әйелдердің, әскери қызметкерлердің, студенттердің және көшпелі өмір салтын ұстайтын халықтардың сайлау құқығы болмады[2;3].

Ресей империясының алғашқы Мемлекеттік Думасына Қазақстанның аумақтарынан: Торғай облысынан - А.К. Беремжанов, Семей облысынан - Ә. Н.Бөкейханов, Орал облысынан – А.К. Қалменов, Ақмола облысынан – Ш. Қосшығұлов қатысқан депутаттар сайланған. Екінші

Мемлекеттік Дума құрамына Дала губерниясынан шыққан қазақ халқының өкілдері кірген (Ақмола облысынан – Ш. Қосшығұлов, Торғай облысынан – Т. Беремжанов, Семей облысынан – М. Тынышпаев, Орал облысынан – А.К. Қалменов).

1917 жылы болған ақпан революциясы ресей империясына сайлау құқығына жаңа табалдырығының бастамы болды. Революция әрекеттері көпке ұзамағанымен ресей үшін ауқымды өзгерістермен есте қалды. Сол кездегі сайлау практикасын қадағалауға арналып қабылданған нормативтік актілердің негізінде демократиялық жолмен қалалық және жергілікті өзін-өзі басқару органдары сайланып, Бүкіл ресейлік құрылтай жиналысына сайлау өткізілді.

1917 жылы 27 мамырда шыққан «Временные правила о производстве выборов губернских и уездных земских гласных» пен «О волостном земском управлении» қаулыларға сәйкес таптық және мүліктік шектеулер жойылды. Сайлау жүйесі енді жалпыға ортақ, бірдей және тікелей жасырын сайлау арқылы жүзеге асырылатын болды. Сайлауда әрекет қабілеттілігіне ресей азаматы, жынысына және ұлттына, ұстанатын діні мен наным-сеніміне қарамастан 20 жасқа толған тұлға сайлау құқығына ие болды.

1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 21 бабында көрініс тапқан ережеге сәйкес Халықтың еркі үкімет билігінің негізі болуы тиіс; бұл ерік мерзімді және бұрмаланбаған сайлау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сайлау жалпыға бірдей тең сайлау құқығы негізінде, жасырын дауыс беру жолымен, немесе осы сияқты сайлау бостандығын қамтамасыз ететін басқа да, осы мәндес әдістер арқылы өткізілуі тиіс [1].

ЕҚЫҰ-ның және басқа да беделді халықаралық ұйымдардың белсенді қатысушысы бола отырып, Қазақстан еркін және бәсекеге қабілетті сайлау өткізу жөніндегі міндеттемелерді ұстанады. Мемлекет басшысының сайлауы және ҚР Парламенті мен жергілікті өкілді органдардың қалыптасуы сайлау саласындағы халықаралық стандарттардың ережелеріне және ұлттық заңнамаға сәйкес ашықтық пен жариялылықтың тиісті шарттары негізінде өтеді. Сайлау азаматтар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін бақылаудың маңызды нысаны болып табылады.

Еліміздің ата Заңы Конституциямыздың 1 бабында: «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу» негізгі қағидаларының ішінде сайлау құқығының ерекше орны аталып кетілді[2].

Сайлаудың басты функциясы - мемлекеттік лауазымға ие адамдардың заңдылығын қамтамасыз ету немесе, керісінше, сайлаушыларға қажетсіз билеушілерді құтқаруға мүмкіндік береді. Бұл үшін сайлау негізгі қағидаларына сай әділ және толық болуы қажет. Сол әдістерінің қатарына Сайлау туралы конституциялық заңның сайлауды тең, төте және жанама дауыс беру арқылы өткіздіру қағидаларын жатқыздыруға болады.

Сайлау құқығын жүзеге асыру Конституцияның 3 бабына сәйкес халықтың билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асыруы, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға беру арқылы жүзеге асырылатыны анықталған. Бұл Қазақстан Республикасында алауыздық пен бытыраңқылыққа, билікті иемденіп кетуіне тосқауыл болып келеді.

ҚР Конституциясының 33-бабында " Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекет істерін басқаруға тікелей және өз өкілдері арқылы қатысуға, жеке өзі жүгінуге, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке және ұжымдық өтініштер жіберуге құқылы. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ. Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана негізделеді және заңмен белгіленеді". Мұнда ҚР азаматының мемлекеттің саясатына тікелей немесе жанама ықпал ету мүмкіндігі бекітіп келеді, сондай-ақ бұл нормада ҚР азаматтарының сайлауға қатысу, дауыс беру және өз кандидатураларын ұсыну құқығы реттеледі.

Қазақстан Республикасының сайлау туралы конституциялық заңы – Республика Президентінің, Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі, мәслихаттары депутаттарының және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу кезінде пайда болатын қатынастарды

реттейді, сондай-ақ Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктерді белгілейді.

Конституциялық заң шеңберінде сайлау құқығы жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы (Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы) мен бәсең сайлау құқығы (Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы) болып жіктеледі.

Сондай-ақ, бәсең сайлау құқығынан айырылатыны адамдар тобы бар оларға:

- 1) сотталғандығы белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам;
- 2) сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған адам Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидат бола алмайды[3].

Бұл орайда жеткілікті дәреже ұйымдастырылған сайлау процестері мен институттарының тұтастығын ұтымды заңнамалық актілердің қалыптасуы арқылы сайлау институттарына жағымсыз саяси араласуына, алаяқтыққа, бассыздық, зорлық-зомбылыққа және жазасыздыққа қарсы әрекеттерді тиюға көмектеседі.

Сайлауға толық қатысуды қолдау үшін даулар немесе бұзушылықтар туындаған жағдайда осы құқықтарды қалпына келтіру үшін құқықтық тетіктердің болуы ұлттық заңнамамен қамтамасыз етілген. Сайлау туралы конституциялық заңда азаматтардың сайлау құқығын бұзу қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылықты тудыратыны туралы ғана айтылған. Ал мұндай құқық бұзушылықтардың толық тізімі, сипаты және нақты жауаптылық шаралары Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде қарастырылған.

Осылайша, сайлау жүйесінің құқықтық жағы сайлау құқығының нормаларымен анықталады, ол конституциялық және басқа да құқық салаларымен тікелей өзара іс-қимылда болады, бұл оны жария билік және жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарын сайлауға азаматтардың қатысуының ережелері мен шарттарын айқындайтын -құқықтық нормалардың жүйесі ретінде қарауға мүмкіндік беретін жеке мәні, құқықтық реттеу әдісі мен жүйесі болады.

Сайлау құқығы сайлауда қалыптасқан алуан түрлі қоғамдық қатынастарды қамтиды, мемлекеттік билік органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау туралы заңнаманың дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Қалыптасқан нақты қатынастарды зерделеу негізінде заң шығарушы қолданыстағы құқықтағы олқылықтарды анықтауға, қандай да бір қоғамдық қатынастардың маңыздылығының дәрежесін және оларды құқықтық реттеу қажеттігін айқындауға, содан кейін сайлау практикасында алға қойған міндеттердің неғұрлым ұтымды әрі тиімді шешілуін анықтауға және оларды заңда бекітуге мүмкіндік алады. Сайлау жүйесінің іс жүзінде қоғамдық қатынастары практика қажеттілігі ретінде сайлау құқығына қатысты, яғни заңнаманы жетілдірудің қозғаушы күші ретінде әрекет етеді[4].

Біздің қоғамның демократиялануына байланысты қағидатты жаңа қазақстандық сайлау жүйесі, сайлау құқығы мен сайлау процесі қалыптасты. Сайлау жүйесінің нақты ғылыми анықтамасы, сондай-ақ осы ұғымның мазмұны мен құрылымын анықтау сайлау жүйесінің жұмыс істеу тетігін жетілдіруге көмектеседі, бірыңғай заңнамалық және ғылыми терминологияны әзірлеуге мүмкіндік береді, сайлауды реттейтін нормаларды құқықтық институттарға дұрыс топтастыруға мүмкіндік береді, бұл біздің ойымызша, сайлау заңнамасының ішкі үйлесімді, ғылыми және іс жүзінде негізделген құқықтық нормалар жүйесі ретінде дамуына белгілі бір шамада ықпал ететін болады.

Сонымен қатар, Әкімшілік рәсімдер мен бұқаралық ақпарат құралдары сайлаушылардың келуіне қалай әсер ететінін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) арқылы елден тыс жерлердегі сайлаушылар үшін және инновациялық құралдар арқылы қатысу демократияға жетер жолда кедергілерді жоюға бағытталған қадамдар жасалуын көреміз.

Құқықтық жетілдірудің көптеген ағымдағы мәселелерінің арасында құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етуге және сайлау стандарттарын сақтауға байланысты бірқатар мәселелер бар, сондай-ақ сайлау құқығының негізгі идеялары мен принциптерін ашу, азаматтардың хабардар болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ осыған уәкілетті органдар арқылы тікелей басқару,

арасында хабардарлықтың динамикасын талдау, ұзақ мерзімді перспективаға арналған ұлттық құқықтық жүйені дамытудың негізгі бағыттары мен тетіктерін айқындау маңызды. Ұғымдар мен нормалардың көлемін сауатты ашу заңнаманы жетілдіруде оң динамикада болжамды және тұрақты етуге мүмкіндік береді.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы <https://www.election.gov.kz/kaz/>
2. ҚР Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл <http://adilet.zan.kz>.
3. «Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>
4. Демидов А.И. Политическая система общества и государство / Политология для юристов. Курс лекций / Под ред. Н.И.Матузова и А.В.Малько. — М.: Юрист, 2002. — 362 с.
5. Амандықова С.К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Оқу құралы. — Астана: Фолиант, — 54-б.

**Аубакирова А.А.**, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, юридический факультет, гр. МП-31, студент  
(*Научный руководитель — м.ю.н., старший преподаватель Нурбекова Г.Т.*)

### ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО КОНТРОЛЯ В СФЕРЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА

Цель государственного контроля во всех сферах жизни общества это обеспечение реализации и защита публичных интересов, таких как оборона и безопасность государства, защита прав и свобод человека и гражданина, охрана окружающей среды. Без государственного вмешательства в экономику невозможно обеспечить гарантии прав и свобод человека и гражданина, закрепленных конституцией. Это касается и права на предпринимательскую деятельность, ведение малого и среднего бизнеса (п.4 ст.27 Конституции РК [1]). Одним из основных приоритетов экономической политики любого государства в современном мире является развитие малого и среднего предпринимательства. Гибкость, мобильность, рыночная объективность малого и среднего бизнеса полезны для ускоренного развития инновационной экономики. Предприятия малого и среднего предпринимательства имеют наибольший потенциал с точки зрения своей конкурентоспособности и повышения научно-технологического потенциала страны. Поэтому государство создает благоприятный бизнес климат и условия для реализации инициатив предпринимательской среды.

С какой целью государство поддерживает малый и средний бизнес понятно, следовательно можно перейти к собственно теме нашей работы и охарактеризовать формы государственного контроля сферы малого и среднего бизнеса. Методы государственного регулирования предпринимательской деятельности можно разделить на две группы: прямые и косвенные. Прямые (административные) методы — средства непосредственного властного воздействия на поведение субъектов, осуществляющих предпринимательскую деятельность. К их числу кроме прочих относятся государственный контроль (надзор) за деятельностью предпринимателей. Государственный контроль в сфере малого и среднего бизнеса представляет собой систему проверки и наблюдения за соблюдением индивидуальными предпринимателями и организациями требований нормативных актов при осуществлении предпринимательской деятельности. Государственный контроль, осуществляемый исполнительной властью, является одной из форм реализации функций органов исполнительной власти. Государственный надзор есть особый вид государственного контроля [2,312].

Сабикенов М.С. различает виды контроля и надзора в зависимости от сферы применения. В мировой практике определены несколько классификаций государственного контроля в сфере малого и среднего бизнеса. По объему проверяемой деятельности: общий (например, судебный контроль и прокурорский надзор), специальный контроль (например, валютный, налоговый, бюджетный контроль и др.). В зависимости от стадии контроля и цели проверки: предварительный (предупреждение и профилактику соблюдения параметров предпринимательской деятельности); текущий (оценки реально осуществляемой предпринимательской деятельности); последующий (проверка исполнения тех или иных решений государственных органов в сфере